

Кезектен тыс педагогикалық кеңестің
№8 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 27.06.2023ж

Қатысқандар саны: 100 мұғалім

Күн тәртібінде:

1.Қ.Р. Білім және ғылым министрлігінің салалық көтермелеу жүйесін бекіту туралы ҚР Білім және ғылым министрінің м.а.2013жылғы 08тамыздағы№324 бұйрығымен таныстыру.

2. «Мұғалімдер күні» мерекесі қарсаңында марапатталатын ұстаздарды ұсыну.

1.Күн тәртібіндегі мәселе бойынша ДБОБО Ш.А.Жумагулова ұжымды №324 бұйрық мазмұнымен таныстырды.Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің салалық көтермелеу жүйесі қызметкерлердің, жұмыскерлердің және өзге де тұлғалардың қызметтік міндеттерін үлгілі орындағаны, шығармашылық белсенділігі, мінсіз қызметі, білім және ғылым саласын дамыту бойынша басқа да жетістіктері мен сіңірген еңбегі үшін, қоғамдық-пайдалы қызметі үшін көтермелеу және ынталандыру рәсімін нақтылайды делінген деп атап өтті. Көтермелеу мен марапаттаулардың кезеңдері білім беру ұйымынан Алғыс, Құрмет грамотасынан басталып, марапаттау кезінде келесі ескерілетін: жұмыс өтілі, алғыстардың болуы, жетістіктері, педагогикалық тәжірибені тарату сияқты жұмыс көрсеткіштері бар болған жағдай да, әдістемелік орталық, білім басқармасы, министрлік деңгейіне дейін ұсынылатынын түсіндірді.Сонымен қатар мерекелерге орай марапаттардың түрлері мен сандарына тоқталып өтті. Өз сөзін қорытындылай келе, ДБОБО гимназия директоры төрағалық ететін және 6 пән мұғалімдері бірлестігі жетекшілерінен тұратын комиссия мүшелерін таныстырып өтті. Бұл комиссия мектептің осындай көтермелеуге лайық ұстаздарды марапаттауға ұсынатын болады.

2. Екінші мәселе бойынша сөз алған Е.А.Шнайдер «Мұғалімдер күні» мерекесіне орай Оқу-ағарту министрінің Алғысына марапаттау үшін қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері: Қасымғалиқызы Л. мен А.Т.Кажымуратованы ұсынды.

Шешімі:

1. Қ.Р. Білім және ғылым министрлігінің салалық көтермелеу жүйесін бекіту туралы ҚР Білім және ғылым министрінің м.а.2013жылғы 08тамыздағы №324 бұйрығына сәйкес төмендегі құрамда мектеп комиссиясы құрылсын:

Комиссия төрағасы: С.Б.Нугуманов

Комиссия мүшелері: Е.А.Шнайдер

А.О.Кизатова

